

Алатау қаласы Кеңесінің
шешімімен бекітілген
(2026 жылғы 10 шілдедегі № 1 хаттама)

**Реттеуші комиссия туралы
Ереже**

Астана, 2026 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Реттеуші комиссия – Алатау қаласының институционалдық дамуын қамтамасыз ететін «Alatau City Authority» Арнаулы басқару ұйымының (бұдан әрі – әкімшілік) алқалы органы.

2. Алатау қаласы Кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) реттеуші комиссия мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оларды сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Реттеуші комиссияның жекелеген мүшелерінің өкілеттік мерзімінің өтуі реттеуші комиссияның тұтастай өкілеттігінің тоқтатылуына алып келмейді.

3. Реттеуші комиссия реттеуші комиссияның төрағасын қоса алғанда, кемінде 7 (жеті) мүшеден тұрады. Реттеуші комиссия мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз мүшелер болуға тиіс. Кеңес реттеуші комиссияның құрамында, оның ішінде шетелдік мамандарды сайлау арқылы, халықаралық сараптаманың болуын қамтамасыз етуге құқылы.

Реттеуші комиссияның жұмыс тілі – ағылшын тілі. Реттеуші комиссияға ұсынылатын материалдар мен өзге де құжаттар, сондай-ақ реттеуші комиссия дайындаған хаттамалар мен өзге де құжаттар мен шешімдер ағылшын тілінде болуға тиіс. Аталған құжаттардың барлығы қазақ және орыс тілдеріне аударылуға жатады.

4. Реттеуші комиссия өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңын (бұдан әрі – Конституциялық заң), әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерін, «Alatau City Authority» Арнаулы басқару ұйымы туралы ережені, Кеңестің шешімдерін және осы ережені басшылыққа алады.

2-тарау. Реттеуші комиссияның мандаты, негізгі функциялары

5. Реттеуші комиссияның мандаты Конституциялық заңнан туындайды және реттеуші саясаттың сапасын қамтамасыз етуді, реттеуші комиссияның құзыреті шегінде әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерін қарауды және бекітуді, реттеуші ережелерді алдын ала қарауды, Алатау қаласының институционалдық дамуы бойынша ұсыныстар әзірлеуді, сондай-ақ Алатау қаласында қолайлы реттеуші орта құру, инвестиция тарту және тиімді реттеуді қамтамасыз ету мақсатында үздік реттеуші тәжірибелерді енгізуге жәрдемдесуді қамтиды.

6. Реттеуші комиссия өз мандатына сәйкес мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) Конституциялық заңға, әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілеріне, әкімшілік туралы ережеге сәйкес әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерін қағидалар түрінде бекітеді;

2) бекіту өкілеттігі Кеңеспен берілген реттеуші ережелерді бекітеді;

3) әкімшіліктің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы қатысушысы болуды ниет еткен халықаралық шарттардың жобаларын, сондай-ақ Алатау

қаласындағы инвестиция, кәсіпкерлік қызметті жүргізу, тыныс-тіршілікті ұйымдастыру және мемлекеттік басқару мәселелерін және (немесе) оның жұмыс істеуі мен дамуын қозғайтын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларын қарайды және олар бойынша ұсыныстар береді;

4) әкімшіліктің құзыреті шегінде арнаулы құқықтық режим туралы заңнама құрамына кіретін, орталық мемлекеттік органдар және Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары шығаратын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарайды және олар бойынша ұсыныстар береді;

5) әкімшілік пен әкімшілік органдарының институционалдық және реттеуші даму мәселелері бойынша қарайды және ұсынымдар береді;

6) қажет болған жағдайда ұсынымдар әзірлейді және мандат шегінде Кеңеске ұсыныстар енгізеді;

7) Конституциялық заңда, әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерінде, әкімшілік туралы ережеде және Кеңестің шешімдерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Реттеуші комиссияның мүшелері

1-параграф. Реттеуші комиссия мүшелеріне қойылатын талаптар

7. Реттеуші комиссияның мүшелері Кеңестің шешімімен өзгеше көзделмесе, Кеңеспен 5 жыл мерзімге сайланады және бір рет қайта сайлануы мүмкін.

Сабақтастықты қамтамасыз ету үшін Кеңес реттеуші комиссияны бастапқы қалыптастыру кезінде жекелеген мүшелердің әртүрлі өкілеттік мерзімдерін белгілеуге құқылы.

Реттеуші комиссияның мүшелері әкімшіліктің қызметкерлері болып табылмайды.

8. Реттеуші комиссияның тәуелсіз мүшесі мынадай тұлға болып табылады:

1) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын және оны реттеуші комиссия құрамына сайлауға дейінгі үш жыл ішінде мемлекеттік қызметші болмаған;

2) әкімшіліктің немесе әкімшілік органдарының қызметкері болып табылмайтын және оны реттеуші комиссия құрамына сайлауға дейінгі үш жыл ішінде олай болмаған;

3) әкімшіліктің қаржылық есептілігінің аудитіне аудитор немесе аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде қатыспайтын және оны реттеуші комиссия құрамына сайлауға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған тұлға;

4) реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде оның пікірлерінің тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін өзге де мән-жайлары жоқ.

Реттеуші комиссияның тәуелсіз мүшелері өз өкілеттіктерін бас атқарушы директор қол қоятын әкімшілікпен жасалған азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жүзеге асырады.

9. Әкімшілік реттеуші комиссия мүшесімен жасасатын азаматтық-құқықтық шарт, өзге де жағдайлармен қатар, оған жүктелген өкілеттіктерді орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарына, сондай-ақ реттеуші комиссия мүшесіне реттеуші комиссияның жұмысына қатысуға байланысты шығыстарды өтеуге қатысты ережелерді қамтиды.

Осы ереженің 15 және 16-тармақтарында көзделген ережелер, сондай-ақ реттеуші комиссия мүшелерін өз өкілеттіктерін орындағаны үшін жауапкершіліктен қорғау жөніндегі өзге де шарттар әкімшілік реттеуші комиссия мүшесімен жасасатын азаматтық-құқықтық шартқа енгізілуге жатады.

10. Реттеуші комиссияның мүшелігіне кандидаттар:

1) Алатау қаласының реттеуші, институционалдық, инвестициялық, қаржылық, цифрлық, инфрақұрылымдық немесе құқықтық дамуы үшін маңызы бар бір немесе бірнеше салада кемінде 15 жыл кәсіби тәжірибеге ие болуға;

2) реттеуші нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу тәжірибесіне ие болуға (қалауы бойынша);

3) мінсіз іскерлік беделге және кәсіби этиканың жоғары стандарттарына ие болуға тиіс.

Әкімшілік реттеуші комиссияның мүшелігіне кандидаттан оның реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттіктерін орындау талаптарына сәйкестігін айқындау үшін негізді түрде қажет болуы мүмкін ақпаратты ұсынуды талап ете алады.

Реттеуші комиссияның құрамын қалыптастыру кезінде Кеңес реттеуші комиссия мүшелерінде оның функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттер мен тәжірибенің жиынтығында болуын, оның ішінде қажет болған жағдайда құқық, институционалдық даму, инвестициялар, қаржы нарықтары, цифрлық технологиялар, инфрақұрылым, қала құрылысы және кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелеріндегі тәжірибенің болуын қамтамасыз етеді.

11. Кеңес реттеуші комиссияның барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Өкілеттікті мерзімінен бұрын тоқтатудың негіздері реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттігін тиісті түрде орындау қабілетінен айырылуы, ұзақ мерзімді мүдделер қақтығысының болуы, реттеуші комиссияның жұмысына жүйелі түрде қатыспау, этика кодексін бұзу, сондай-ақ реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттігін тиісті түрде орындауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болуы мүмкін.

Мұндай реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттігі Кеңес оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

12. Реттеуші комиссия мүшесінің өз бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату реттеуші комиссияға жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Хабарламада мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, мұндай реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттігі көрсетілген хабарламаны реттеуші комиссия алған сәттен бастап тоқтатылады.

Реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, реттеуші комиссияның жаңа мүшесін сайлау Кеңестің шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте жаңадан сайланған реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттігі ол орнына сайланған реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттік мерзімі аяқталатын күні аяқталады.

Реттеуші комиссия мүшесінің өкілеттігінің тоқтатылуы мыналарға әсер етпейді:

- 1) есептелген (тиесілі) сыйақылар мен шығыстарды алу құқығына;
- 2) осы ереженің 3-параграфында көзделген кепілдіктердің одан әрі қолданылуына;
- 3) осы ереженің 14-тармағының 2) тармақшасында белгіленген құпиялылық жөніндегі міндеттемелерді сақтауға.

2-параграф. Реттеуші комиссия мүшелерінің негізгі міндеттері

13. Реттеуші комиссияның мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз әрекет етеді.

14. Реттеуші комиссияның мүшелерінің мынадай міндеттері бар:

- 1) тәуелсіздік, әділдік, адалдық, ашықтық және кәсібилік қағидаттары негізінде, сондай-ақ Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы заңнамаға сәйкес өз функцияларын орындауға, өз құқықтарын жүзеге асыруға;
- 2) Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы заңнамада талап етілетін ақпаратты ашу жағдайларын қоспағанда, әкімшіліктің нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес құпиялылық талаптарын, оның ішінде кәсіби және коммерциялық құпияға қатысты талаптарды сақтауға;
- 3) әкімшіліктің ішкі құжаттарына сәйкес ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуға;
- 4) мүдделер қақтығысына алып келуі мүмкін жағдайлардың алдын алу және мұндай жағдайлар туындаған жағдайда салдарын жұмсарту үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауға;
- 5) кадрлық, ақпараттық және басқа да ресурстардың тиімді және тиісті пайдаланылуын қамтамасыз етуге.

3-параграф. Реттеуші комиссия мүшелерінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі кепілдіктері

15. Реттеуші комиссия мүшесі адал ниетпен, ақылға қонымды, тәуелсіз түрде, өз өкілеттігі шегінде және негізді түрде анық деп есептеген ақпарат негізінде әрекет еткен жағдайда, өкілеттігін жүзеге асыру кезінде қабылданған шешім, әрекет немесе әрекетсіздік үшін жеке жауапкершілік көтермейді.

Көрсетілген кепілдіктер заңнаманы қасақана бұзу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, өкілеттікті теріс пайдалану, өрескел абайсыздық, адал ниетсіздік, мүдделер қақтығысын немесе құпиялылықты бұзу жағдайларында қолданылмайды.

16. Әкімшілік реттеуші комиссия мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауына байланысты туындайтын талаптар қоюға немесе сот талқылауларына қатысты тиісті құқықтық қорғалуын қамтамасыз етеді.

17. Әкімшілік өз өкілеттіктерін орындауға байланысты шеккен, құжатпен расталған заң көмегі мен сот қорғауына арналған шығыстарды өтейді. Мұндай өтемақы Кеңестің шешімімен бекітілетін тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы ереже Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы заңнаманы қасақана бұзу, өкілеттікті теріс пайдалану, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе өрескел абайсыздық фактілері анықталған жағдайларда және (немесе) реттеуші комиссия мүшесімен жасалған азаматтық-құқықтық шартта көзделген өзге де жағдайларда қолданылмайды.

18. Әкімшілік реттеуші комиссия мүшелерінің кәсіби жауапкершілігін әкімшіліктің ішкі құжаттарына сәйкес әкімшілік есебінен шетелдік және (немесе) қазақстандық сақтандыру ұйымдарында сақтандыруды қамтамасыз етуге құқылы. Мұндай сақтандырудың шарттары мен шектері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және реттеуші комиссия мүшесімен жасалған азаматтық-құқықтық шартта айқындалады.

4-параграф. Реттеуші комиссияның төрағасы және төрағасының орынбасары

19. Реттеуші комиссияның төрағасы (бұдан әрі – төраға) Кеңестің шешімімен реттеуші комиссияның тәуелсіз мүшелерінің қатарынан тағайындалады.

Төраға реттеу, құқықтық саясат, мемлекеттік басқару, институционалдық даму немесе арнаулы құқықтық режимдерді басқару саласында елеулі кәсіби тәжірибеге ие болуға тиіс.

20. Төраға реттеуші комиссияның жұмысын ұйымдастырады және оның өз функциялары мен өкілеттіктерін тиімді орындауын қамтамасыз етеді. Төраға реттеуші комиссияның барлық мүшелерінің оның жұмысына тиімді қатысуын қамтамасыз етеді, мәселелерді ашық талқылауға және реттеуші комиссия мүшелерінің тәуелсіз кәсіби пікірлерін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

21. Төраға осы ереженің 6-тарауында көзделген жұмыс органының жәрдемдесуімен:

- 1) реттеуші комиссияның отырыстарын шақырады;
- 2) реттеуші комиссия отырыстарының күн тәртібін бекітеді;
- 3) реттеуші комиссияның отырыстарында төрағалық етеді;

4) реттеуші комиссияның құзыретіне жатқызылған мәселелердің қаралуын қамтамасыз етеді;

5) реттеуші комиссияның Кеңеспен, әкімшіліктің бас атқарушы директорымен, әкімшілік органдарымен және реттеуші комиссияның жұмыс органымен, сондай-ақ өзге де тұлғалармен өзара іс-қимылын үйлестіреді;

6) осы ережеде, реттеуші комиссияның регламентінде немесе реттеуші комиссияның шешімдерінде көзделген жағдайларда реттеуші комиссия отырыстарының хаттамаларына және реттеуші комиссияның өзге де құжаттарына қол қояды;

7) осы ережеде, реттеуші комиссияның регламентінде және Кеңестің шешімдерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Төраға реттеуші комиссияның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жеке-дара шешім қабылдауға құқылы емес.

23. Төрағаның орынбасары реттеуші комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен реттеуші комиссия мүшелерінің қатарынан реттеуші комиссия мүшелерімен сайланады.

24. Төрағаның орынбасары төраға болмаған, ол өз міндеттерін уақытша орындай алмаған, оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе қаралатын мәселе бойынша мүдделер қақтығысы болған жағдайда, тиісті мән-жайлар жойылғанға немесе жаңа төраға тағайындалғанға дейін реттеуші комиссия төрағасының өкілеттігін жүзеге асырады.

25. Төрағаның орынбасары жұмысты ұйымдастыруда төрағаға жәрдемдеседі және төрағаның тапсырмасы бойынша немесе реттеуші комиссияның шешімдеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

26. Төраға мен төрағаның орынбасарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыру тәртібі реттеуші комиссияның регламентімен айқындалады.

4-тарау. Реттеуші комиссияның шешім қабылдауы

27. Реттеуші комиссия қатысушылардың бір-бірін көруі және естуі мүмкін теле-, бейнеконференция және өзге де қашықтықтан қатысу тәсілдерін қоса алғанда, кездесіп отырып өткізілетін отырыстарды, сондай-ақ сырттай отырыстарды өткізеді. Реттеуші комиссияның отырысы кемінде 3 тәуелсіз мүшені қоса алғанда, реттеуші комиссияның кемінде 5 мүшесі қатысқан кезде заңды болады.

Осы Ережеде өзгеше көзделмесе, реттеуші комиссияның шешімі қатысып отырған (қатысатын) мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Бекіту Кеңеспен берілген реттеуші ережелерді, сондай-ақ реттеуші қағидаларды бекіту жөніндегі шешімдер реттеуші комиссия мүшелерінің кемінде 5 дауысымен қабылданады.

Реттеуші комиссияның әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Реттеуші комиссия мүшесі өз дауысын реттеуші комиссияның басқа мүшесіне немесе үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

28. Реттеуші комиссияның шешімдері отырысқа (сырттай дауыс беруге) қатысқан комиссия мүшелерінің дауыстарын ескере отырып, реттеуші комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қойған оның хаттамасымен ресімделеді.

29. Реттеуші комиссия мүшесі ықтимал, болжамды немесе нақты мүдделер қақтығысын уақтылы ашуға міндетті. Қаралатын мәселе бойынша мүдделер қақтығысы бар реттеуші комиссия мүшесі осындай мәселені талқылауға және ол бойынша дауыс беруге қатыспайды.

30. Бекітілуі реттеуші комиссияның құзыретіне кіретін, көпшілік консультацияларға шығарылуға жататын нормативтік құқықтық актілердің жобалары, сондай-ақ мұндай консультацияларды өткізу тәртібі әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

31. Реттеуші комиссия отырыстарын дайындау, шақыру және өткізу, материалдарды ұсыну, кездесіп отырып, қашықтықтан және сырттай дауыс беруді өткізу, хаттамаларды ресімдеу, комитеттердің жұмысы, консультациялар өткізу тәртібі және өзге де рәсімдік мәселелер реттеуші комиссия бекітетін реттеуші комиссияның регламентімен айқындалады.

5-тарау. Реттеуші комиссияның комитеттері

32. Реттеуші комиссия реттеуші саясат, лицензиялау және рұқсат беру, тәуекелдер және құқық қолдану, цифрлық инфрақұрылым, сыйақы тағайындау, сондай-ақ этика мәселелері бойынша реттеуші комиссия мүшелерінен тұратын комитеттер құруға құқылы.

33. Реттеуші комиссияның комитеттерінің құрамына нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар кіруі мүмкін. Сарапшылар комитеттердің жұмысына кеңесші дауыс беру құқығымен қатысады және реттеуші комиссияның шешімдерін қабылдауға қатыспайды.

34. Реттеуші комиссияның комитетін реттеуші комиссияның мүшесі басқарады.

6-тарау. Реттеуші комиссияның жұмыс органы

35. Реттеуші комиссияның жұмыс органы – құзыретіне институционалдық (нормативтік-құқықтық) даму функцияларын жүзеге асыру кіретін әкімшіліктің құрылымдық бөлімшесі.

Жұмыс органы реттеуші комиссияның хатшылығының функцияларын жүзеге асырады және реттеуші комиссия қызметінің ұйымдастырушылық, ақпараттық, талдамалық, құқықтық және техникалық сүйемелденуін қамтамасыз етеді.

36. Жұмыс органы:

1) (қажет болған жағдайда) реттеуші комиссияның отырыстарын ұйымдастырады;

2) реттеуші комиссияның мүшелерінен түсетін ақпаратты жинауды және өңдеуді қамтамасыз етеді;

3) реттеуші комиссияның хаттамаларының түпнұсқаларын, сондай-ақ қабылданған шешімдердің түпнұсқаларын сақтауды қамтамасыз етеді;

4) комиссия бекіткен нормативтік құқықтық актілерді қазақ және орыс тілдеріне аударуды қамтамасыз етеді;

5) реттеуші комиссия бекіткен нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне одан әрі орналастыру мақсатында заңнама саласындағы уәкілетті органға жіберуді қамтамасыз етеді;

6) реттеуші комиссия бекіткен нормативтік құқықтық актілерге деректемелер берілуін қамтамасыз етеді;

7) әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілеріне және (немесе) әкімшіліктің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

37. Реттеуші комиссия хатшысының функцияларын жұмыс органының басшысы айқындайтын жұмыс органының қызметкері жүзеге асырады.